

Қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасы
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК

1. **Күні:** 2026 жыл 28 наурыз

Қатысқандар:

Төрағасы – Дарья Германовна Виденчук, 5–6 жас "Ласточки" тобы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Г.Ж. Жаканова – «Балауса», «Ақбота» топтарының ата-анасы

М.В. Дорошенко – «Улыбка» тобының ата-анасы

В.В. Шпак – «Знайки» тобының ата-анасы

Н.М. Ошакбаева – қоғам қайраткері, «Айналайын» тобының ата-анасы

А.Д. Киныбаева – «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Жастар үйі» ММ басшысы.

Д.О. Темиргалиева – Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының заң қызметінің маманы, «Улыбка» тобының ата-анасы. **А.Б. Омарова** – «Балапан» тобының ата-анасы

Шақырылғандар:

директоры Л.Р. Елекеева

бас есепші Г.К. Шумультурова

әдіскер А.А. Избасарова

әдіскер Д.В. Комарова

Күн тәртібі

1. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынаста туындайтын жанжалды жағдайлардың алдын алу.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы балалар жарақатының алдын алу. Жазатайым оқиғаларды талдау және олардың алдын алу шаралары.

1.Тыңдалды: мектепке дейінгі ұйымның директоры Елекеева Лилия Рафхатовна бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеп, педагогтер, әкімшілік және тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында сындарлы әрі өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатудың қажеттілігін атап өтті.

Жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналардың өтініштерін уақтылы қарау, педагогикалық әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, дерекілікке және әдепсіз қарым-қатынасқа жол бермеу, балаларды тәрбиелеу, оқыту және күтіп-ұстау мәселелері бойынша ата-аналарға объективті ақпарат беру қажет.

Туындаған даулы мәселелерді диалог, кеңес беру және бірлесіп шешім іздеу арқылы жұмыс тәртібінде шешуге, жанжалдардың өршуіне жол бермеуге ерекше назар аударылды.

Сөз сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Дорошенко М.В. ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым арасында сенімді қарым-қатынасты қалыптастырудың, туындаған мәселелерді қарау барысында өзара сыйластық пен әдептілікті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Шешілген: Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынаста туындайтын жанжалды жағдайлардың алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру. Ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстарын уақтылы қарауды қамтамасыз ету. Даулы жағдайлар туындаған кезде мектепке дейінгі ұйым әкімшілігін тарта отырып, сындарлы диалог арқылы оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау.

Жауаптылар: әкімшілік, педагог қызметкерлер.

Мерзімі: тұрақты.

2.Тыңдалды: еңбекті қорғау және қауіпсіздікке жауапты Досмағамбетова Г.Ш. мектепке дейінгі ұйымда балалар жарақаты мен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың жай-күйі туралы ақпарат берді.

Ойын алаңдарының, үй-жайлардың, жабдықтардың, жиһаздардың, спорттық құралдардың және мектепке дейінгі ұйым аумағының жағдайын тұрақты түрде бақылау қажеттігі атап өтілді.

Педагогтер білім беру қызметі, серуендеу, тамақтану, күн тәртібі кезеңдері және басқа да іс-шаралар барысында балаларды үнемі бақылауды жүзеге асыруы қажет.

Жазатайым оқиға орын алған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету, әкімшілік пен ата-аналарды хабардар ету бойынша дереу шаралар қабылдау, сондай-ақ тиісті құжаттарды белгіленген тәртіппен рәсімдеу қажет.

Сөз сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Ошакбаева Н.М. және Жақанова Г.Ж. балалар мен ата-аналар арасында қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша профилактикалық жұмысты күшейтуді, сондай-ақ балабақшаның үй-жайлары мен аумағын тұрақты түрде тексеріп отыруды ұсынды.

Шешілген:

Балалар жарақаты мен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру.

Үй-жайлардың, аумақтың, ойын және спорттық жабдықтардың қауіпсіз жағдайына күнделікті бақылауды қамтамасыз ету.

Педагог қызметкерлер қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, тәрбиеленушілерді тұрақты түрде бақылауда ұстауы тиіс.

Жабдықтардың, жиһаздардың немесе аумақ элементтерінің ақаулары анықталған жағдайда оларды жою бойынша дереу шаралар қабылдау немесе балалардың қауіпті учаскеге кіруін шектеу.

Жарақаттанудың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың жай-күйі туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында қарау.

Жауаптылар: директор, әкімшілік-шаруашылық бөлімі бойынша директордың орынбасары, педагогтер.

Орындалу мерзімі: тұрақты.

Төрайым:

Хатшы:

Виденчук Д.Г.

Омарова А.Б.